

«Elorda Aqparat» ЖШС сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне кезекті ішкі талдау жүргізеді (ВАКР)

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 8-бабының 5-тармағына, 2016 жылғы 19 қазандағы №12 сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, 2021 жылғы 7 сәуірдегі әдістемелік ұсынымдарға және оларды Астана қаласының квазимемлекеттік ұйымдарында өткізудің 2024 жылға арналған кестесіне сәйкес «Elorda Aqparat» ЖШС қызметіне 2024 жылғы 2 мамырдан 14 маусымға дейінгі кезеңде ВАКР жүргізу туралы шешім қабылданды.

Ішкі талдауды арнайы құрылған жұмыс тобы келесі бағыттар бойынша жүргізеді:

- ЖШС қолданысындағы құқықтық актілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Соңымен қатар, ішкі талдау аудит бойынша қорытынды анықтама дайындауды; оның нәтижелерін талқылауды және жариялауды көздейді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жағдайда тиісті қызметтерге ұсынымдар және оларды жою жөніндегі жоспар дайындалады.

Естеріңізге сала кетейік, алдыңғы аудит 2023 жылдың жазында жүргізілді, ол Серіктестіктің 2022 жылғы 01 қаңтары мен 2023 жылғы 1 мамыры аралығындағы қызметін қамтыды.